

ҚҰРМЕТТІ СЕРІК МӘУЛЕНҰЛЫ!

Сізді және Сіз басқарып отырған университет ұжымын оқу орнының 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз.

Осыдан 80 жыл бұрын Солтүстік Қазақстан өңірінде құрылған жоғары оқу орны бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, жас ұрпақты тәрбиелеп, сара жолға салған қара шаңырақ, еліміздегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі болып саналады. Сексен жылдық тарихы бар білім ордасы бүгінгі күні биік тұғырдан көрініп келеді. Осы мерзім ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Танымал университет ретінде даму жолында күрделі және үлкен белестерден өтуі, мемлекетіміздің қалыптасу кезеңдерімен тығыз ұштасып келді. Университет мерейтойы — бұл профессорлық - оқытушылар құрамы, қызметкерлер, студенттер ғана емес, аймақ жұртшылығы үшін де айтулы мереке.

Білімі мен біліктілігін, тәжірибесін ұрпақтың бойына сіңіруді өзіне міндет етіп, ұстаздық жолында қажымай қызмет етіп жүрген ұстаздар еңбегі зор құрметке лайық. Университеттің әлеуетін қадағалап, техникалық ахуал жасап, тазалық пен тәртіп орнатуда күш-жігерлерін сарп етіп жүрген қызметкерлер еңбегінің бағасы да өлшеусіз.

Сіз басқарып отырған білім ордасы өзінің қалыптасу жолында күрделі де маңызды белестерден өтіп, Еуропалық білім беру кеңістігінде өз ұстанымы мен білім берудегі озық дәстүрлерін нығайтуды әлі де жалғастырып келеді.

Университетті бітірген түлектеріңіздің жоғары кәсіби біліктілікпен, бәсекеге қабілетті заманауи біліммен, жаңа инновациялық тәжірибелермен қаруланған маман ретінде Қазақстан Республикасының аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде де үлкен сұранысқа ие болуын үлкен мақтанышпен атап өту қажет деп санаймын. Алдағы уақытта да университет жаңа жоспарлар, жаңа идеяларды жүзеге асырып, биіктен көрінетініне сенімдімін.

Үлкен мереке қарсаңында Сізге және университет ұжымына зор денсаулық, шығрамашылық табыстар, жаңа ғылыми жетістіктер мен көптеген жеңістер тілеймін!

Білім ордасының туғанын биік еңсесі кең болсын!

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры



Еркін Әбіл